

Глоссарий

тәрбиеші – балаға қамқорлық жасауға жауапты ересек адам (ата-ана, отбасы мүшесі немесе басқа біреу)

Ойын – балалар заттарды ұстап, когнитивті даму үдерісінде жаңа дағдыларды игеруге тырысатын тәсілдер

дене массасының индексі (дСИ) немесе салмақ-бой индексі – баланың дене массасының жатқан күйіндегі (2 жасқа дейінгі балалар) денесінің ұзындығына килограмға шаққандағы немесе тұрған қалпындағы бойына шаршы метрмен өлшегендегі (2 жастан асқан балалар) арасалмағы **қарым-қатынас жасау** – баланың әлеуметтік, эмоционалдық және тілдік дамуын білдіретін белгілерді, ым және сөздерді қоса алғанда, ата-аналар мен балалардың бір-біріне жіберетін ишара - тәсілдері

Жетістіктер торлары (моторлық дамуда) – дені сау балалардың моторлық даму кезеңдеріне қол жеткізетін жасының қалыпты айырмашылықтарының шегі

қайырымдылық – баланың сигналдарына дұрыс әрі жағдайға байланысты жауап қайтару қабілеті **қосымша тамақ** – балаға 6 ай толған соң емшек сүтіне қосымша берілетін тамақ

Баланың дамуы – баланың когнитивті, тілдік, әлеуметтік және эмоционалдық дамуын, оқуға көзқарасын қоса алғанда, баланың қабілеттері пайда болатын кезең, ірі және ұсақ моторика дамиды

Бүлдіршін жастағы балалық – пайда болған кезеңінен мектепке барғанға дейінгі кезеңі

Физикалық даму – балалық шақтың әр кезеңінде баланың бойының, дене салмағының, жекелеген дене мүшелерінің және биологиялық өсіп-жетілуінің өсу үдерісі

сезімталдық – тәрбиешінің баланың мұқтаждықтары мен тілегін білдіретін сигналдарын, оның қимылы мен шығаратын дыбыстарын түсінуі